Согласно (Найденов В.И., 2002: 47), «... катастрофические наводнения, происходящие на нашей планете, не являются из ряда вон выходящими событиями, а имеют достаточно большую вероятность, и с этой вероятностью необходимо считаться». Далее – относительно применяемой расчетной методики: «Если использовать для стандартной обработки временных гидрологических рядов распределение из семейства экспоненциальных, как это рекомендуют (Строительные нормы и правила, 1983: 9), очевидно, катастрофические наводнения будут для нас всегда неожиданными» (Найденов В.И., 2003: 14). И затем: «Наводнения исключительной силы последних лет убедительно показали, что рассчитывать защитные дамбы, плотины и другие гидротехнические сооружения необходимо на основании иных вероятностных закономерностей». В частности, этими авторами предлагается степенной закон распределения.

Но вследствие разных условий формирования высоких и низких паводков ряды максимальных расходов воды часто бывают неоднородны. То есть две части ранжированного ряда подчиняются разным законам распределения. В этих случаях вообще сомнительна возможность успешного подбора единой кривой обеспеченности для всего такого ряда – независимо от того, какой закон распределения принять – логарифмически-нормальный или степенной.

Есть и другой путь «подгонки» теоретических кривых к эмпирическим данным. Это – усеченные кривые распределения, при применении которых добиваются соответствия эмпирических точек теоретической кривой лишь для интересующей нас части распределения. Для высоких расходов и уровней воды это – верхняя часть ранжированного ряда. Возможность использования усеченных распределений была рассмотрена в (Chen Y., 2014: 109) и в (Пособие по определению расчетных гидрологических характеристик, 1984: 119) для неоднородного ряда, хотя никаких рекомендаций по его применению там не содержится. В новом российском Своде правил по проектированию и строительству (Свод правил СП 33-101-2003, 2004: 27) использование усеченных распределений рекомендовано применять для неоднородных рядов максимального стока. Но предлагаемая методика далеко небесспорна. В частности, предлагаются: фиксированная точка усечения, использование только нормального и гамма-распределения.

Согласно рекомендациям (Методические рекомендации по оценке однородности гидрологических характеристик и определение их расчетных значений по неоднородным данным, 2010: 37), при использовании статистических методов в инженерных гидрологических расчетах в качестве одного из основных допущений предполагается статистическая однородность исходной пространственно-временной гидрометеорологической информации.

Анализ временной однородности необходимо выполнять при построении аналитических кривых распределения, включая оценку параметров и квантилей распределения, при анализе группировок лет различной водности.

Оценка однородности рядов слоев стока весеннего половодья (за период последних десятилетий 1974-2014 гг.) р. Есиль показала следующие результаты: по t-критерию Стьюдента неоднородными являются 12 % рядов, а по F-критерию Фишера – 50 %.

Весенний сток в последние десятилетия снизился по отношению к предшествующему многолетнему периоду на реках Силеты, Шагалалы и Есиль, на которых произошло снижение слоев весеннего половодья, отмечается и уменьшение дисперсии их колебаний (Рис. 1).

По реке Калкутан наблюдается увеличение весеннего стока по сравнению с предыдущим периодом, где отмечается увеличение дисперсии их колебаний.

*Определение параметров распределения.* Основной задачей исследования является определение параметров распределения по многолетним рядам максимальных расходов воды.

В ходе проведенных исследований для максимального стока весеннего половодья для всей рассматриваемой территории Есильского водохозяйственного бассейна получены следующие результаты:

1) модуль максимального стока весеннего половодья изменяется в пределах от 1,33 л/сек×км<sup>2</sup> до 244 л/сек×км<sup>2</sup>;

2) средняя квадратическая ошибка нормы стока не превышает 20 % (в среднем значение средней квадратической ошибки составляет 17 %);

3) коэффициент вариации  $C_v$  изменяется от 0,75 до 1,87;

4) средняя квадратическая ошибка расчета  $C_v$  изменяется от 7 % до 39 % (в среднем значение средней квадратической ошибки составляет 16,5 %);

5) значения коэффициента автокорреляции изменяются в пределах от 0,1 до 0,43 (среднее

значение коэффициента автокорреляции составляет 0,2).




Рисунок 1 – Динамика многолетних изменений  $Q_{max}$  рек бассейна Есиль

В ходе проведенных исследований для слоя стока весеннего половодья для всей рассматриваемой территории Есильского водохозяйственного бассейна получены следующие результаты:

1) среднемноголетнее значение слоя стока весеннего половодья изменяется в пределах от 1 мм до 95 мм;

2) средняя квадратическая ошибка расчета слоя стока не превышает 10 %;

3) коэффициент вариации  $C_v$  изменяется от 0,50 до 1,15;

4) средняя квадратическая ошибка расчета  $C_v$  не превышает 20 % (в среднем значение средней квадратической ошибки составляет 18 %);

5) значения коэффициента автокорреляции изменяются в пределах от 0,06 до 0,48 (среднее значение коэффициента автокорреляции составляет 0,29).

### Выводы

1. Изменение статистических параметров самых высоких вод в бассейне реки Есиль зависит

от антропогенного фактора, а средние сдвиги их времени прохождения обусловлены только влиянием изменения климата. Действительно, среднегодовой сток реки Есиль и ее притоков значительно изменился за последние десятилетия по сравнению с предыдущим периодом.

2. Наблюдается раннее прохождение пика половодья. Осредненная дата прохождения пика половодья на р. Есиль – с. Ударное сдвинулась на два дня раньше, на три дня в створе с. Каменный Карьер, на четыре дня в створе г. Петропавловск по сравнению с периодом до 1973 гг.

3. На р. Жабай – г. Атбасар изменений нет, а максимальный расход воды на р. Жабай – с. Балкашино проходит на два дня позже по сравнению с естественным периодом. Максимальный расход воды проходит на два-три дня позже и на притоках р. Есиль рр. Аканбурлык, Иманбурлык, Бабыкбурлык.

4. О дате начала половодья в бассейне реки Есиль можно сделать следующие выводы:

– в верхнем течении реки Есиль дата начала половодья наблюдается на 1 день раньше, по сравнению с естественным периодом;

– в створе гидропоста г. Нур-Султан на 8 дней раньше, в среднем течении на 5 дней;

– на 3 дня раньше в створе г. Петропавловск.

5. В верхнем течении реки Есиль весеннее половодье по сравнению с предыдущим периодом заканчивается в среднем на пять дней раньше, а в створе гидрологического поста г. Нур-Султан на 15 дней раньше, в среднем течении реки на 4 дня раньше, а в створе г. Петропавловск на 26 дней раньше. Это привело к сокращению срока продолжительности половодья реки Есиль.

6. Статистический анализ рядов максимальных расходов воды показывает, что в преобладающих случаях наблюдаются направленные изменения.

7. Главной особенностью изменения максимального стока является следующее – в гидрологических рядах максимальных расходов воды за последние десятилетия сократились наблюдения расходов воды с редкой повторяемостью и с низкой обеспеченностью, наоборот, в рядах максимального стока наблюдаются низкие значения расходов воды с очень высокой обеспеченностью (1967 г., 2000 г.).

8. На реке Жабай направленных изменений максимальных расходов воды не наблюдается.

9. Наблюдается раннее наступление даты начала половодья и даты окончания половодья, в результате чего сокращается продолжительность половодья.

## Литература

- Birsan M.V., Molnar P., Burlando P., Pfaundler M. Streamflow trends in Switzerland [Article] // Journal of Hydrology. – 2005. – 314(1-4):312-329. – <https://doi.org/10.1016/j.jhydrol.2005.06.008>.
- Chen Y. Water Resources Research in Northwest China [Book]. – Dordrecht: Springer Netherlands, 2014. – pp. 444.
- Kendall M.G. Rank Correlation Methods [Book]. – London: 4th Edition, Charles Griffin, 1975.
- Moldakhmetov M., Makhmudova L., Zhanabayeva Z., Kumeiko A., Hamid M.D., Sagin Jay Spatial and temporal variabilities of maximum snow depth in the Northern and Central Kazakhstan [Article] // Arabian Journal of Geosciences. – Heidelberg: Springer, 2019. – 12. – <https://doi.org/10.1007/s12517-019-4505-y>.
- Гальперин Р.И. Материалы по гидрографии Казахстана [Книга]. – Алматы: Издательство Казак университеті, 1997. – С. 90.
- Гальперин Р.И., Давлетгалиев С.К., Молдахметов М.М., Чигринец А.Г., Махмудова Л.К., Авезова А. Возобновляемые ресурсы поверхностных вод Западного, Северного, Центрального и Восточного Казахстана [Книга]. – Алматы: Арко, 2012. – Т. VII: С. 684.
- Георгиевский В.Ю. Научно-прикладной справочник: Основные гидрологические характеристики рек бассейна Верхней Волги [Электрон. текстовые и граф. дан. в формате PDF]. – Ливны, 2015.
- Георгиевский В.Ю. Научно-прикладной справочник: Основные гидрологические характеристики рек бассейна Кама [Электрон. текстовые и граф. дан. в формате PDF]. – Ливны, 2015.
- Государственный водный кадастр Многолетние данные о режиме и ресурсах поверхностных вод суши. Бассейны Иртыша, Ишима, Тобола [Книга]. – Ленинград: Гидрометеиздат, 1987. – Т. V: С. 467.
- Государственный водный кадастр Республики Казахстан Многолетние данные о режиме и ресурсах поверхностных вод суши 1981-1990 гг. Бассейны рек Иртыш, Ишим, Тобол [Книга]. – Алматы: Казгидромет, 2002. – С. 284.
- Государственный водный кадастр Республики Казахстан Многолетние данные о режиме и ресурсах поверхностных вод суши 1991-2000 гг. Бассейны рек Иртыш, Ишим, Тобол [Книга]. – Алматы: Казгидромет, 2004. – С. 171.
- Кендалл М.Дж., Стьюарт А. Теория распределений [Книга]. – М.: Наука, 1966. – С. 588.
- Методические рекомендации по определению расчетных гидрологических характеристик при наличии данных гидрометрических наблюдений [Книга]. – Нижний Новгород: Вектор-ТиС, 2007. – С. 133.

Методические рекомендации по определению расчетных гидрологических характеристик при недостаточности данных гидрометрических наблюдений [Книга]. – СПб.: Ротапринт, 2007. – С. 66.

Методические рекомендации по оценке однородности гидрологических характеристик и определение их расчетных значений по неоднородным данным [Книга]. – СПб.: Нестор-История, 2010. – С. 162.

Молдахметов М.М. Махмудова Л.К. Основные гидрологические характеристики рек бассейна р. Есиль [Книга]. – Тараз: ТИГУ, 2018. – С. 157.

Молдахметов М.М. Махмудова Л.К., Мусина А.К., Тастанов Е.К. Есіл алабы өзендерінің көктемгі су фазасын сипаттамалары [Статья] // Вестник КазНУ. Серия географическая. – Алматы: Издательство Қазак университеті, 2013. – №2(37). – С. 70–75.

Найденов В.И. Кожевникова И.А. Математические модели эффекта Харста [Статья] // Российская наука: дорога жизни. – М.: Октопус, 2002. – С. 44-58.

Найденов В.И., Кожевникова И.А. Почему так часто происходят наводнения? [Статья] // Природа. – Москва, 2003. – №9. – С. 12-20.

Плеханов П.А. Закономерности чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера в Казахстане [Статья] // Гидрометеорология и экология. – Алматы: Издательство Казгидромет, 2004. – №3. – С. 120-133.

Пособие по определению расчетных гидрологических характеристик [Книга]. – Ленинград: Гидрометеоздат, 1984. – С. 448.

Ресурсы поверхностных вод СССР Основные гидрологические характеристики (за 1963–1970 и весь период наблюдений). Бассейны Иртыша, Ишима, Тобола [Книга]. – Ленинград: Гидрометеоздат, 1977. – Т. XV: С. 383.

Ресурсы поверхностных вод СССР Основные гидрологические характеристики (за 1971-1975 и весь период наблюдений). Бассейны Иртыша, Ишима, Тобола [Книга]. – Ленинград: Гидрометеоздат, 1980. – Т. XV: С. 291.

Свод правил СП 33-101-2003 Определение основных расчётных гидрологических характеристик. [Книга]. – М.: Госстрой России, 2004. – С. 73.

Соколовский Д.Л. Речной сток [Книга]. – Ленинград: Гидрометеоздат, 1968. – С. 539.

Строительные нормы и правила. Определение расчетных гидрологических характеристик. СНиП 2.01.14-83 [Книга]. – М.: Стройиздат, 1983. – С. 36.

## References

Birsan M.V., Molnar P., Burlando P., Pfaundler M. Streamflow trends in Switzerland [Article] // Journal of Hydrology. – 2005. – 314(1-4):312-329. – <https://doi.org/10.1016/j.jhydrol.2005.06.008>.

Chen Y. Water Resources Research in Northwest China [Book]. – Dordrecht: Springer Netherlands, 2014. – pp. 444.

Kendall M.G. Rank Correlation Methods [Book]. – London: 4th Edition, Charles Griffin, 1975.

Moldakhmetov M. Makhmudova L., Zhanabayeva Z., Kumeiko A., Hamid M.D., Sagin Jay Spatial and temporal variabilities of maximum snow depth in the Northern and Central Kazakhstan [Article] // Arabian Journal of Geosciences. – Heidelberg: Springer, 2019. – 12. – <https://doi.org/10.1007/s12517-019-4505-y>.

Galperin R.I. Materialy po gidrografii Kazahstana [Materials on hydrography of Kazakhstan] [Книга]. – Алматы: Izdatelstvo Kazak universiteti, 1997. – str. 90.

Galperin R.I. Davletgaliev S.K., Moldakhmetov M.M., Chigrinec A.G., Makhmudova L.K., Avezova A. Vozobnovlyaemye resursy poverhnostnyh vod Zapadnogo, Severnogo, Centralnogo i Vostochnogo Kazahstana [Renewable resources surfaces waters of Western, Northern, Central and Eastern Kazakhstan] [Книга]. – Алматы: Arko, 2012. – Т. VII: str. 684.

Georgievskij V.Yu. Nauchno-prikladnoj spravochnik: Osnovnye gidrologicheskie harakteristiki rek bassejna Verhnej Volgi [Scientific and Applied Reference: The main hydrological characteristics river basins of the Upper Volga River] [Elektron. tekstovye i graf. dan. v formate RDF]. – Livny, 2015.

Georgievski V.Yu. Nauchno-prikladnoj spravochnik: Osnovnye gidrologicheskie harakteristiki rek bassejna Kama [Elektron. tekstovye i graf. dan. v formate PDF]. – Livny, 2015.

Gosudarstvennyj vodnyj kadastr Mnogoletnie dannye o rezhime i resursah poverhnostnyh vod sushi. Bassejny Irtysha, Ishima, Tobola [State water cadastre. Multi-term data on land surface water regime and resources] [Книга]. – Ленинград: Gidrometeoizdat, 1987. – Т. V: str. 467.

Gosudarstvennyj vodnyj kadastr Respubliki Kazahstan Mnogoletnie dannye o rezhime i resursah poverhnostnyh vod sushi 1981-1990 gg. Bassejny rek Irtysh, Ishim, Tobol Tobol [State water cadastre of the Republic of Kazakhstan. Long-term data on the regime and resources of land surface waters 1981-1990] [Книга]. – Алматы: Kazgidromet, 2002. – str. 284.

Gosudarstvennyj vodnyj kadastr Respubliki Kazahstan Mnogoletnie dannye o rezhime i resursah poverhnostnyh vod sushi 1991-2000 gg. Bassejny rek Irtysh, Ishim, Tobol [State water cadastre of the Republic of Kazakhstan. Long-term data on the regime and resources of land surface waters 1991-2000] [Книга]. – Алматы: Kazgidromet, 2004. – str. 171.

Kendall M.Dzh., Styuart A. Teoriya raspredelenij [Distribution theory] [Книга]. – Moskva: Nauka, 1966. – str. 588.

Metodicheskie rekomendacii po opredeleniyu raschetnyh gidrologicheskikh harakteristik pri nalichii dannyh gidrometricheskikh nablyudenij [Methodological recommendations for determining the calculated hydrological characteristics in the presence of hydro-metric observations] [Книга]. – Nizhnij Novgorod: Vektor-TiS, 2007. – str. 133.

Metodicheskie rekomendacii po opredeleniyu raschetnyh gidrologicheskikh harakteristik pri nedostatochnosti dannyh gidrometricheskikh nablyudenij [Methodological recommendations for determining the calculated hydrological characteristics in case of insufficient data of hydrometric observations] [Книга]. – СПб: Ротапринт, 2007. – str. 66.

Metodicheskie rekomendacii po ocenke odnorodnosti gidrologicheskikh harakteristik i opredelenie ih raschetnyh znachenij po neodnorodnym dannym [Methodological recommendations for assessing the homogeneity of hydrological characteristics and determination of their calculated values from inhomogeneous data] [Kniga]. – SPb: Nestor-Istoriya, 2010. – str. 162.

Moldakhmetov M.M. Makhmudova L.K. Osnovnye gidrologicheskie harakteristiki rek bassejna r. Esil [The main hydrological characteristics of the rivers of the Yesil basin] [Kniga]. – Taraz: TIGU, 2018. – str. 157.

Moldakhmetov M.M. Makhmudova L.K., Musina A.K., Tastanov E.K. Esil alaby özenderiniң көktemgi su fazasyң sipattamalary [Characteristics of spring flood rivers of Yesil river basin] [Statya] // Vestnik KazNU. Seriya geograficheskaya. – Almaty: Izdatelstvo Kazak universiteti, 2013. – №2(37). – str. 70-75.

Najdenov V.I. Kozhevnikova I.A. Matematicheskie modeli effekta Harsta [Mathematical models of the Hurst effect] [Statya] // Rossijskaya nauka: doroga zhizni. – Moskva: Oktopus, 2002. – str. 44-58.

Najdenov V.I., Kozhevnikova I.A. Pochemu tak chasto proishodyat navodneniya? [Why do floods happen so often?] [Statya] // Priroda. – Moskva, 2003. – №9. – str. 12-20.

Plehanov P.A. Zakonomernosti chrezvychajnyh situacij prirodnogo i tehnogennogo haraktera v Kazahstane [Regularities of emergency situations of natural and technogenic character in Kazakhstan] [Statya] // Gidrometeorologiya i ekologiya. – Almaty: Izdatelstvo Kazgidromet, 2004. – №3. – str. 120-133.

Posobie po opredeleniyu raschetnyh gidrologicheskikh harakteristik [The manual for determining the calculated hydrological characteristics] [Kniga]. – Leningrad: Gidrometeoizdat, 1984. – str. 448.

Resursy poverhnostnyh vod SSSR Osnovnye gidrologicheskie harakteristiki (za 1963-1970 i ves period nablyudenij). Bassejny Irtysya, Ishima, Tobola [Surface water resources of the USSR. Main hydrological characteristics (for 1963-1970 and the entire period of observations)] [Kniga]. – Leningrad: Gidrometeoizdat, 1977. – T. XV: str. 383.

Resursy poverhnostnyh vod SSSR Osnovnye gidrologicheskie harakteristiki (za 1971-1975 i ves period nablyudenij). Bassejny Irtysya, Ishima, Tobola [Surface water resources of the USSR. Main hydrological characteristics (for 1971-1975 and the entire period of observations)] [Kniga]. – Leningrad: Gidrometeoizdat, 1980. – T. XV: str. 291.

Svod pravil SP 33-101-2003 Opredelenie osnovnyh raschyotnyh gidrologicheskikh harakteristik. [Determination of the main calculated hydrological characteristics] [Kniga]. – Moskva: Gosstroj Rossii, 2004. – str. 73.

Sokolovskij D.L. Rechnoj stok [River flow] [Kniga]. – Leningrad: Gidrometeoizdat, 1968. – str. 539.

Stroitelnye normy i pravila. Opredelenie raschetnyh gidrologicheskikh harakteristik. SNiP 2.01.14-83 [Determination of the main calculated hydrological characteristics] [Kniga]. – Moskva: Strojizdat, 1983. – str. 36.



4-бөлім  
**ГЕОЭКОЛОГИЯ**

---

Section 4  
**ГЕОЭКОЛОГИЯ**

---

Раздел 4  
**GEOECOLOGY**

**Т.А. Базарбаева** , **Г.А. Мұқанова** , **А.А. Ошақбай**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: tursynkul.bazarbayeva@gmail.com

Корреспонденттік автор – А.А. Ошақбай, e-mail: aitu.aa96@mail.ru

## **АҚДАЛА СУАРМАЛЫ АЛҚАБЫ ТОПЫРАҒЫНЫҢ МЕЛИОРАТИВТІК ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ**

Мақалада Ақдала суармалы алқабы топырағының физика-химиялық қасиеті, механикалық құрамы, қоректік элементтер режимі зерттелді. Ақдала алқабының топырағының механикалық құрамы Н.А. Качинскийдің әдісімен зерттеліп, алынған мәліметтер бойынша барлық қабаттарда тұнбалар таралғаны анықталды. Жіңішке дисперсті механикалық элементтердің дифференциациясы, топырақ құрамындағы гумус мөлшерінің, негізгі қоректік элементтердің, катиондардың сыйымдылығының және оның құнарлығының төмендеуіне әкелетіні жайлы мәліметтер берілді.

Қарастырылып отырған топырақтың негізгі химиялық-физикалық құрамдары мен химиялық қасиеттерінің зерттеу нәтижелері бойынша топырақтың жыртылған қабат асты қабатында гумустың деңгейі төмендегені белгілі болды. Яғни, карбонатты сұр топырақтарды ұзақ мерзім бойы егіншілікке пайдалану салдарынан органикалық заттардың мөлшері төмендеп, гумусты заттардың құрамының сапалық деңгейі біршама өзгеріске ұшырағаны айқындалды.

Күріш ауыспалы егіншілігі топырағының агрохимиялық құрамының зерттеу нәтижелері фосфордың деңгейі төмен және орташа мөлшерде кездесетінін көрсетті. Зерттелген топырақтағы жылжымалы калий мөлшері күріш өсімдігінің пісіп жетілу кезеңін толығымен қамтамасыз ете алмайды. Күріш дақылы үшін ең маңызды қоректік элементтердің бірі болып саналатын азоттың мөлшері, органикалық заттардың құрамына байланысты төменгі деңгейге сай келгені бекітілді.

Зерттеу нысанының топырағының экологиялық мелиоративті жағдайы бойынша екінші реттік тұздану, сортаңдану, батпақтану мәселелері орын алған. Аймақты ұзақ жылдар бойы суға бастыру, күріш егістіктеріне тиімсіз пайдалану топырақтың физика-химиялық жағдайының нашарлауына әкелген.

**Түйін сөздер:** мелиоративті жағдай, ауыспалы егістік жүйесі, топырақ, суармалы алқаптары, гумус, қоректік элементтер.

T.A. Bazarbayeva, G.A. Mukanova, A.A. Oshakbay

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: tursynkul.bazarbayeva@gmail.com

Correspondent author – A. Oshakbay, e-mail: aitu.aa96@mail.ru

### **Assessment of the reclamation status of soils in the Akdala irrigation massif**

The article studies the physical and chemical properties, mechanical composition, and mode of the elements of the Akdala massif irrigated land. The mechanical composition of the soils of the Akdala massif was studied by the method of N. A. Kachinsky, the obtained data show the presence of silt in all layers. Data on the differentiation of fine mechanical elements on the capacity of cation exchange and factors contributing to the reduction of their fertility are presented. The study of the physical and chemical composition and chemical properties of the soils under consideration shows decrease in the humus content in the arable and sub-arable horizons. Long-term use of carbonate gray soils on arable land has led to a decrease in the content of organic substances and changed in the qualitative composition of humus substances. The study results of the agrochemical composition of rice crop rotation soils indicates that phosphorus levels are low and medium. Studies of mobile potassium show that the content of mobile potassium fully ensures the growth and development of plants. The most important nutrient for rice culture is nitrogen, which depends on the content of organic substances and staying in low place. According to the ecological and land reclamation conditions for studying the soils of the object, secondary salinization, salinization, waterlogging, long-term irrigation, irrational use of rice fields, have led to a deterioration in the physical and chemical properties of soils.

**Key words:** reclamation conditions, crop rotation system, soil, irrigated land, humus, nutrients.



Т.А. Базарбаева, Г.А. Мұқанова, А.А. Ошақбай  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: tursynkul.bazarbayeva@gmail.com  
Корреспондентский автор – А.А. Ошақбай, e-mail: aitu.aa96@mail.ru

### Оценка мелиоративного состояния почв Акдалинского массива орошения

В статье изучены физико-химические свойства, механический состав, режим элементов питания Акдалинского массива орошения. Механический состав почв Акдалинского массива исследован методом Н.А. Качинского. Полученные данные показывают наличие ила по всем слоям. Приведены данные о дифференциации тонкодисперсных механических элементов, о емкости катионного обмена и факторы, способствующие снижению их плодородия.

На основе изучения физико-химического состава и химических свойств рассматриваемых почв выявлено снижение содержания гумуса в пахотном и подпахотном горизонтах. Длительное использование карбонатных сероземов на пашне привело к уменьшению содержания органических веществ и изменению качественного состава гумусовых веществ.

Результаты изучения агрохимического состава почв рисового севооборота показывают, что уровень фосфора встречается низкий и средний. Изучение подвижного калия показывает, что содержание подвижного калия не полностью обеспечивает рост и развитие растений. Для культуры риса важнейшим питательным элементом является азот, который зависит от содержания органических веществ и находится на низком уровне.

По эколого-мелиоративным условиям изучения почв объекта исследований имеет место вторичное засоление, осолонцевание, заболачивание в результате многолетнего длительного орошения, нерациональное использование рисовых полей, что привело к ухудшению физико-химических свойств почв.

**Ключевые слова:** мелиоративное состояние, система севооборота, почва, орошаемые угодья, гумус, питательные элементы.

### Кіріспе

Қазақстан Республикасының жер қорының 38,6 пайызын ауыл шаруашылық алқаптары алып жатыр. Мұндай ауыл шаруашылық алқаптарының жоғары үлестік салмағы экономикада, бірінші кезекте ауыл шаруашылық айналымына жерлерді пайдалануының негізгі факторы ретінде бағаланады. Еліміз аграрлы мемлекет болғандықтан ауыл шаруашылығының дамуына үлкен көңіл бөлініп отыр. Бірақ, бұл факторды төмендететін мәндер де аз емес. Оларға алқаптарды нысаналы мақсатында пайдаланбау, эрозияға ұшырау, агротехникалық шараларды дұрыс жүргізбеу сияқты жағдайлар әсер етеді (Молжігітова, 2014: 12).

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында ел экономикасының дамуы мен оның бәсекелестікке қабілеттілігін көтерудегі негізгі табыс көзі – ұлттық экономиканы әр тараптандыруға баса көңіл аударылды. Осы жолдауда «Аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы қажет» деген болатын Елбасымыз. Бұл ретте, әрине, ауыл шаруашылығында негізгі еңбек құралы болып табылатын жер ресурстарын тиімді пайдалану, аталған міндеттерді жүзеге асыру-

да аса маңызды рөл атқаратыны белгілі. Ашық нарықтық экономика жағдайында және әлемдік азық-түлік нарығында орын алып отырған үлкен бәсекелестікте ауыл шаруашылығы өндірісінде жетістіктерге жету үшін де жерді тиімді пайдалану негізгі шарт болып табылады (Жолдау, 2017: 3).


Қазіргі кезде республикамыздағы ауыл шаруашылығы санатындағы пайдаланылатын жерлердің жалпы көлемінің 24,3 млн. гектары – егістік жерлер. Бұл ретте, егістік жерлердің 70 пайызы астықты аймақтарда Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында шоғырланған. Сонымен бірге, республика бойынша 2,1 млн. га суармалы жер бар, оның ішінде 1,4 млн. га егістік жер және ол негізінен Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан. Алматы облысының ауыл шаруашылық жерлері – 15 млн 839 мың га, оның 1 млн 61 мың га егістік жерлерді құрайды. Алматы облысы суармалы жерлерінің 37 пайызы қолданыста емес. Оның басты себептері көп жылдардан бері суару жүйелерінің техникалық жағдайының сын көтермеуі, су тарту мен су бөлу жүйелерінің ескіруі және алқаптардың екінші рет тұздануы, ауыспалы егістік жүйесін тиімсіз пайдалану аталған жерлерді тиімді пайдалануға кері әсерін тигізуде (Рахимбаев, 2017: 13).

Балқаш ауданын алатын болсақ, кейінгі жылдары пайдаланылмайтын егістікке жарамды жерлердің көлемі жыл сайын кемуде. Сондықтан келешекте мемлекет алдында тұрған үлкен міндеттер қатарына ауыл шаруашылық жерлерінің қорғау мен тиімді пайдалану міндеттемелері тұр деп айтуға болады. Атап айтқанда, Республика бойынша суармалы егістік аймағын бес жыл ішінде 40%-ға кеңейтіп, 2 млн. гектарға жеткізу жоспарланған. Аталған тапсырманы орындау мақсатында облыс және аудан деңгейінде бірқатар жұмыстар атқарылуы тиіс (Китапбаев, 2016: 12).

Осыған сәйкес Ақдала суармалы күріш алқабының топырағының экологиялық, мелиоративтік жағдайын қарастыру өзекті мәселелердің бірі.

## Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу нысаны Алматы облысы Балқаш ауданына қарасты, Ақдала күріш суармалы алқабының топырағы. Балқаш ауданының жалпы суармалы жерінің көлемі 2017 жылғы 1 қарашаға сәйкес 31 583 га, оның 28 044 га егістік алқаптары. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі мәліметтері бойынша суармалы егістік жерлерінің 28011,8 га ауыл шаруашылық дақылдарын егуге пайдаланылады. Қалған 32,2 га қаржылық-шаруашылық жағдайларға байланысты пайданылмаған. Аудандағы ірі суармалы егістік жерлері Ақдала алқабында (1-сурет) орналасқан болып табылады (Рахимбаев, 2017: 2).



1-сурет – Ақдала суармалы алқабының картасы

Зерттеу жұмыстары топырақтану, егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылымдарының баршаға белгілі әдістері бойынша жүргізілді. Атап айтқанда топырақтану ғылымының процестерді бүкіл ауылшаруашылығы ғылымдарына ортақ далалық тәжірибе әдістері қолданылды.

Топырақтағы жалпы гумус және гумустың фракциялық құрамы И.В. Тюрин әдісі бойынша зерттелді. Ал тұздылығын және тұздың химиялық құрамы мен оның су ерітіндісіндегі жеңіл еритін

аниондар мен катиондар К.К. Гедройц химиялық әдістері бойынша анықталынды. Сондай-ақ топырақтың сілтілі-қышқылды жағдайы потенциалметриялық әдіспен анықталды (Отаров, 2007: 31).

Топырақ құрамындағы жеңіл ыдырайтын органикалық және минералдық азот қосылыстарын анықтауда А.Х. Корнфильд ұсынған сілтілік әдіс пайдаланылды. Ал оның нитратты және аммонийлі түрлері потенциалметрия әдісі арқылы анықталынды.

Топырақтағы жалпы фосфорды анықтауда К.Е. Гинзбург және Г.М. Щеглова ұсынған әдісі, ал топырақ құрамындағы жалпы калийді талдауда Л. Смиттің әдісі пайдаланылды. Карбонатты топырақ құрамындағы жылжымалы фосфор және калийдің мөлшері Б.П. Мачигин және П.Г. Грабарова әдісінің негізінде жасалынды. Өсімдік құрамындағы қоректік элемент жалпы азот Кьелдаль әдісі арқылы зерттелді, топырақтың механикалық құрамын зерттеуде Н.А. Качинскийдің әдісі қолданылды (Мұқанова, 2006: 94).

### Зерттеу нәтижелері және талқылаулар

Ақдала суармалы алқабында күріш агроландшафттарын құру үшін қолданылатын топырақ мелиорациясы қазіргі кездегі қалыптасқан топырақ түзілу процесінің, сулы, тұзды, қоректік және басқа да маңызды режимдердің күрт өзгеруіне алып келді. Тың топырақты игергеннен кейін күріш дақылына эволюция барысында қалыптасқан оның өзін-өзі реттеу тетіктері түбегейлі өзгерді, бұл күріш агроценоздарын табиғи және антропогендік экологиялық факторлардың әртүрлі әсеріне сезімталдығын жоғарылатады. Топырақ түзілу процесінің одан әрі бағыты негізінен оны қалай пайдалануға және топырақты өсіру жөніндегі іс-шаралардың интенсивтілігіне байланысты. Оның трансформациясы топырақ түзудің мәдени процесін дамыту және топырақтың құнарлылығын арттыруға да, топырақтың тозуы мен оның құнарлылығын төмендетуі де мүмкін. Соңғы онжылдықта алқапта топырақ-мелиоративтік, экологиялық жағдайлардың нашарлауынан, органикалық тыңайтқыштардың аз қамтамасыз етілуіне және ауылшаруашылық мәдениетінің жалпы құлдырауымен байланысты сумен бастырылатын күріш топырақтарының тозуы ерекше өзектілікке ие болды. Суармалы топырақтарда бір мезгілде екінші рет тұздану, батпақтану және шөлейттену процесі жүріп жатыр (Ибраева, 2002: 176).

Аймақтағы топырақтың құнарлылығының төмендеуінің негізгі себептерінің бірі – топырақтың улы элементтермен, пестицидтермен және т.б. ластану факторлары болып табылады. Ластану топырақ жамылғысында экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына және соның салдарының нәтижесінде топырақтың тозуы мен құнарлылығының төмендеуі орын алды. Зерттеу нысанындағы суармалы жерлер, геохимиялық гидроморфты ландшафттарда орналасқан, сондықтан олар ластануға бейім. Сонымен қатар,


жоғары өнімділікке қол жеткізу үшін минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді пайдалану және агрохимиялық нормалар мен шарттарды бұзу жағдайлары әлі да аз емес. Ақдала суармалы алқабы Іле өзенінің төменгі ағысында орналасқан. Іле өзені трансшекарлық өзен және көп жағдайда құрамы бойынша да, көлемі бойынша да жобалық нормалардан асатын ластанған ағынды су ресурстарының қатарына жатады. Алқап егістігінің мелиоративтік жағдайына өзен суының ағынын басқару да өз әсерін тигізуде.

Ақдала алқаптарының топырақ жамылғысы алуан түрлі, 44 түрлі топырақ кездеседі. Оның біршама бөлігі тұзды-сортаңды топырақтар. Ақдала алқабында гранулометриялық құрамы жағынан жеңіл және ауыр құрамды топырақтар бар. Оларға сортаңданбаған және аз сортаңданған, орташа, қатты сортаңданған және сортаң топырақтар енеді. Осы белгілері бойынша шаруашылықтың күріш егуге жарамды жерлері алты түрлі топырақтық-мелиоративтік топшаға жіктеледі. Олар мелиорациялаудың әртүрлі деңгейі мен сипатын талап етеді. Сондықтан олар күрішті және тағы басқа ауылшаруашылық дақылдарын өсіріп өнім алу үшін бірқатар технологиялық жұмыстарды жүзеге асыру керек (Қарабаев, 2014: 26).

Ақдала алқабының тақыр тәрізді топырағы механикалық құрамы бойынша майда құмды-шанды жеңіл құм-балшықты болып келеді. Зерттеу жұмыстарында соңғы 3 жылдық топырақ үлгілері қарастырылды. Бұл топырақ қазбалары Ақдала алқабының №3 – егістік танабынан алынды (2-сурет).

Топырақтың механикалық құрамында ұзақ жылдарда бір өзгерістер болады. Сондықтан біз өзіміздің тәжірибемізде бірінші және үшінші жылғы топырақ қазбаларының ғана механикалық құрамын анықтадық. Сол себепті 1-кестеде №1 және №3 қазба көрсетілген.

Барлық қабаттарда ең басым фракция майда құм екені көрініп тұр, мөлшері 21,2-90,1 %, бөлшектердің диаметрі 0,25-0,05 мм. Ал екінші орынды ірі шанды фракциялар алады, оның мөлшері – 11,6-54,9 %, бөлшектердің диаметрі – 0,05-0,01 мм. Осы кесте бойынша майда шандың мөлшері топырақтың бірінші кескінінде барлық қабат бойынша 5,64-12,07 % аралығында болса, үшінші кескінінде 1,61-7,67 %, бөлшектердің диаметрі 0,01-0,005 мм. Топырақ кескіндерінде жыртылған қабаттарда тұнбалы фракциялардың мөлшері 12,1-12,5 % көрсетеді. Қалған қабаттардағы тұнбалы фракцияның мөлшері – 1,61-7,68 %.



2-сурет – Ақдала егістік алқабының танаптар картасы

1-кесте – Тәжірибе алаңы топырағының механикалық құрамы

№	Терендігі, см	Абсолютті – құрғақ топырақтың фракциялық құрамы %					
		Фракция пішіндері, мм					
		кұм		шаң			тұнба
		1,0-0,25	0,25-0,05	0,05-0,01	0,01-0,005	0,005-0,001	<0,001
Қазба №1	0-28	1,01	27,55	27,2	11,77	19,89	12,5
	28-50	0,02	21,22	54,93	7,27	8,88	7,68
	50-60	0,14	53,52	27,81	5,64	7,25	5,24
	60-101	0,6	61,17	18,11	12,07	4,43	3,62
Қазба №3	0-20	1,11	47,25	27,03	7,67	4,84	12,1
	20-45	0,46	67,39	21,3	3,62	2,41	4,82
	45-70	1,17	80,73	11,66	1,61	3,22	1,61
	70-100	2,25	90,12	2,8	1,61	1,61	1,61

Топырақты тұрақты суға бастыру мен оның кебуі нәтижесінде кескіннің барлық қабаттарында тұнбалар таралған. Бұл жерде айта кететін бір мәселе құм және шаң бөлшектерінің мөлшері ұлғайып, гумустың және қоректік заттардың деңгейі азайып, катиондардың алмасу

сыйымдылығы төмендейді. Сондай-ақ топырақтың құнарлылығына кері әсер ететін жыртылған қабат астында тығыз қабат түзіледі.

Топырақтың механикалық құрамының мәліметтері бойынша барлық қабаттарда тұнбалар таралған. Бұндай жіңішке дисперсті механикалық

элементтердің дифференциациясы топырақ құрамындағы гумус мөлшерінің, негізгі қоректік элементтердің, катиондардың сыйымдылығының және оның құнарлығының төмендеуіне әкеледі. Дәл осындай зерттеулерді топырақтану институтының қызметкерлері де дәлелдеген (Сапаров, 2007: 73).

Ұзақ мерзімді өңдеу барысында, жыртылған топырақтардың беткі қабаты ұнтақталып, тоң кесекті құрылым түзіп, топырақтың агро-физикалық қасиеттері нашарлаған.

Топырақтың микроагрегатты құрамының мәліметтері бойынша майда құм фракциясының басым болуынан су сіңіргіштігі өте жоғары,

жылу және ауа құбылымдары өте қолайлы, гумусы мен қоректік заттары аз. Топырақта қоректік заттардың және гумустың аз болуына байланысты, топырақтың құрылымы нашар, әр түрлі ірі бөлшектерден тұратын құмды болып келеді.

Тақыр тәрізді топырақтардың ерекшелігі – топырақ кескініндегі гумустың мөлшерінің өзгеруімен сипатталады. Ақдала алқабының сұр, тақыр тәрізді, орташа тұзданған жеңіл механикалық құрамды топырағы ұзақ уақыт суға бастыру нәтижесінде аз гумусты болуымен ерекшеленеді. Барлық топырақ кескінінде жыртылған қабаттағы гумустың мөлшері 0,87 - 1,49% аралығында болады (2-кесте).

**2-кесте** – Тәжірибе алаңы топырағының негізгі химиялық-физикалық құрамдары мен химиялық қасиеттері

№	Тереңдігі, см	Гумус, %	рН	CO <sub>2</sub> , %	Сіңірімділік сыйымдылығы, мг-экв /100 г				
					Ca	Mg	K	Na	Жалпы саны
Қазба №1	0-20	1,49	8,08	4,92	12,5	4,5	0,20	0,10	17,3
	20-50	0,40	8,70	6,97	6,0	2,5	0,10	0,15	8,75
	50-60	0,34	8,80	5,57	4,5	2,0	0,04	0,11	6,65
	60-101	0,20	8,92	5,21	-	-	-	-	-
Қазба №2	0-20	0,87	8,56	5,21	4,5	7,0	0,16	0,31	0,47
	30-47	0,74	8,60	5,27	3,0	3,5	0,09	0,31	0,40
	47-55	0,37	8,90	4,86	2,5	2,5	0,06	0,29	0,35
	55-85	0,20	9,30	3,74	1,5	2,0	0,04	0,27	0,31
	85-110	0,13	9,00	3,57	1,0	2,5	0,06	0,30	0,36
Қазба №3	0-20	0,89	8,20	5,18	7,43	5,94	0,09	0,15	0,24
	20-45	0,31	8,97	5,39	2,97	2,48	0,07	0,23	0,30
	45-70	0,10	9,31	5,32	1,98	1,49	0,07	0,21	0,28
	70-100	0,07	9,25	5,18	2,48	0,50	0,05	0,19	0,24

Үш қазбада да, топырақтың жыртылған қабатының астында жатқан бөлігінде гумустың деңгейі 0,31-0,40% көрсетсе, ал тереңдеген сайын оның мөлшері 0,37-0,07 пайызға дейін кеміп, органикалық заттар мөлшері төмендей түседі.

Топырақ кескінінің қабаттары бойынша гумустың мөлшері әртүрлі болады, бұл құбылыс атыздарды егін егу үшін жыртуға пайдаланғандығымен түсіндіріледі. Тың жерлерді жырту және көптеген жылдар бойы күріш дақылы үшін пайдалану оның гумустық

жағдайын төмендетеді.

Әртүрлі топырақ типтерінде түрлі табиғи жағдайлар мен топырақ түзілу процестерінің ерекшеліктеріне байланысты алмаспалы катиондар құрамы сан алуан болып келеді. Әсіресе гумус мөлшерінің аз болуына байланысты топырақтың сіңіру сыйымдылығы да төмен болып келетіндігі анықталды. Оның топырақтағы жоғарғы орналасқан тектік қабатындағы мөлшері 0,24-17,3 мг/экв тең, ал жыртылған қабат астындағы мөлшері 0,30-8,75 мг/экв көрсетеді.

Сіңірілу сыйымдылығының құрамында кальций басым болып келеді де, оның барлық қазбадағы 0-20 см тереңдіктегі мөлшері 7,43-12,5 мг/экв-ке тең. Сіңірілу сыйымдылығының құрамындағы кальцийдің ең төменгі мөлшері 45-70 см тереңдікте 1,98-2,5 мг/экв болды (Елешев, 2011: 129).

Бірақ Ақдала алқабының негізгі топырағы тақыртәрізді және сортаңдау болып келетіндіктен, аздап, ауыспалы натрий де кездеседі. Оның ең жоғарғы көрсеткіші екінші топырақ қазбасының жыртылған қабаттарында 0,27-0,31 мг/экв тең. Ауыспалы магний үш қазбаның да ең жоғарғы жыртылатын қабаттарында 4,5-7,0 мг/экв мөлшерінде кездеседі. Топырақ қабатының 20-50 см тереңдігінде 2,48-3,15 мг/экв тең болса, қазба тереңдеген сайын оның мөлшері біртіндеп

азайып, 0,50-2,5 мг/экв мәнді көрсетеді. Топырақ кескінінің 0-30 см тереңдігінде ауыспалы калий 0,09-0,20 мг/экв мөлшерде кездесіп, оның мөлшері топырақтың әр түрлі тереңдіктерінде 0,04-0,05 мг/экв мәнді көрсеткені байқалады (Мұқанова, 2009: 10).

Зерттелген топырақтар карбонатты, карбонаттардың мөлшері CO<sub>2</sub> бойынша барлық топырақ кескініндегі жыртылған қабаттарында 4,92-5,18 пайыз аралығында кездеседі. Ал 20-50 см тереңдікте оның мөлшерінің 5,21-6,97 пайызға жоғарылағаны көрсетіледі. Осыған байланысты сілтілік мөлшері де біршама жоғарылаған, градация бойынша қазба топырағы күшті сілтілі, рН барлық топырақ кескінінің қабаттарында 8,08-9,31 аралығында кездеседі (2-кесте).

3-кесте – И.В. Тюрин бойынша тақыр топырақтағы гумустың мөлшері және құрамы, топырақ салмағы % / жалпы С

Тереңдігі, см			0-20	20-50	50-60	60-101
Бастапқы топырақ тағы %, С			0,86	0,232	0,197	0,116
Гидролизденбейтін қалдық			<u>0,449</u> 51,85	<u>0,110</u> 47,41	<u>0,125</u> 63,45	<u>0,024</u> 20,69
Декальцинат			<u>0,018</u> 2,08	<u>0,008</u> 3,45	<u>0,006</u> 3,04	<u>0,008</u> 6,89
Гидролизат			жоқ	жоқ	жоқ	жоқ
Гумин қышқылдар	Фракциялар	1	<u>0,069</u> 7,97	<u>0,020</u> 8,62	жоқ	<u>0,010</u> 8,62
		2	<u>0,019</u> 2,19	<u>0,007</u> 3,01	<u>0,024</u> 12,18	<u>0,035</u> 3,07
		3	<u>0,030</u> 3,46	<u>0,077</u> 33,19	<u>0,010</u> 5,08	<u>0,039</u> 33,62
Жалпы саны			<u>0,118</u> 13,62	<u>0,104</u> 44,82	<u>0,034</u> 17,26	<u>0,084</u> 72,41
Фульво қышқылды	Фракциялар	1	<u>0,027</u> 3,12	жоқ	жоқ	жоқ
		2	<u>0,022</u> 2,54	<u>0,010</u> 4,31	<u>0,007</u> 3,55	жоқ
		3	<u>0,232</u> 26,79	жоқ	<u>0,025</u> 12,69	жоқ
Жалпы саны			<u>0,281</u> 32,45	<u>0,010</u> 4,31	<u>0,032</u> 16,24	жоқ
Жалпы саны			<u>0,399</u> 46,07	<u>0,114</u> 49,13	<u>0,066</u> 33,50	<u>0,084</u> 72,41
$\frac{C_{гк}}{C_{фк}}$			0,29	0,91	0,52	жоқ
Ескерту: алымында – топырақтың салмағы %-бен; бөлімінде топырақтың жалпы С %-бен көрсетілген.						



Негізінде алқаптың барлық топырақтары карбонатты және ерітіндісі күшті сілтілі болып келеді, сондықтан да сілтілі топырақтарға күріш егіп оны ұзақ уақыт суға бастыру нәтижесінде органикалық заттардың тез жоғалуын және гумусты жағдайының төмендеуін күтуге болады (Мұқанова, 2009: 12).

Топырақтың табиғаты ерекше, органикалық заттарының құрам тобын қарастырайық. Топырақ кескінінде гумустың фульво қышқылдарына қарағанда, гумин қышқылының басымдылығы байқалады, жалпы санының мөлшерінің ең жоғарғы деңгейі 72,41 % (3-кесте). Олардың құрамындағы топырақтағы жалпы көміртегі бойынша кальциймен байланысқан фракция аз келеді 3,07-2,19%. Бұл кальциймен байланысып кейде гумат, немесе магний гуматын түзетінін көрсетеді. Жартылай оксидтердің гумин қышқылдармен байланысқан түрі басым 3,46-33,62%. Ал алюминий мен темір оксидтерінің жылжымалы түрлерімен байланысқан бос фракциялар шамасы болмашы – 7,97-8,62%. Олар суда нашар ериді және топырақтың минералды бөлігіне тығыз байланысып, суға берік түйіртпектері мен гумустың жиналуына себепші болады.

Ал екінші орында гумустық қосындылардың суға ең ерімтал тобы фульво қышқылдардың жоғары мөлшері топырақтың жыртылған қабаттағы үлесінде сақталады да, гумин қышқылының мөлшері азаяды 13,62 %, сондықтан да осыған сәйкес  $C_g : C_f$  қатынасы 0,42 азаяды. Ал 0-20 және 20-50 сантиметрлік тереңдіктегі қабаттары бойынша  $C_g : C_f$  қатынасы 0,29-0,91 мәнге ие болады. Гумин қышқылдары мен фульво қышқылдарының арақатынастық көрсеткіші бойынша гумустың типі гуматты-фульватты (3-кесте).

Фульво қышқылдар құрамында топырақтың минералды бөлігімен берік байланысқан фракциялар жоқтың қасы тек жоғарғы қабатта 3,12 % көрсетеді. Гумусты заттардың декальцинат жиынтығы топырақ қабатында 2,08-6,89 % аралығында жиналады. Бұл ерекше органикалық топқа, топырақтағы минералды қышқылдар ( $HCl$ ,  $H_2SO_4$ ) ерітінділерінде ерітіп, кальцийсіздендіргенде, өсімдік қалдықтарының ыдырау өнімдерінен бөлінген әртүрлі жеке органикалық заттар және гумусты қышқылдың фульвоқышқыл типтерінің біршама үлесіне тиеді (Минева, 2008: 5).

Гумусты заттардың қалдығы гидролизденбейтін қалдық беткі қабатта 51,85 %, кескін бойымен төмен қарай біресе артып, біресе

төмендейді. Топырақтағы гидролизденбейтін қалдықтың жеткілікті мөлшерде болуы топырақтың төменгі қабаттарындағы минералдану процестерінің бәсеңдеуімен түсіндіріледі. Гуминдер топырақтың минералды бөлігімен берік байланысқан, кальцийсіздендіру кезінде сілтілермен бірнеше рет өңдегенде бөлінбейді.

Осы заттарды терең зерттеу нәтижесінде ғалымдар, топырақ гумусының гуминдері топырақтың минералды бөлігімен берік байланысқан гумин қышқылдарынан тұратындығын, ал сілтілерде еру қабілетін жоғалтуы (кальцийсіздендіргеннен соң) олардың табиғатының өзгеруімен емес, оның топырақтағы минералдық бөлікпен тығыз бекуімен түсіндіріледі деген қорытындыға келді.

Сонымен Ақдала алқабындағы карбонатты сұр топырақтарды ұзақ мерзім егіншілікке пайдалану салдарынан гумус мөлшері төмендеген. Гумусты заттардың құрамының сапалық деңгейі біршама өзгеріске ұшыраған. ФҚ топырақтың минералды бөлігімен берік байланысқан фракциялары жоқтың қасы тек жоғарғы қабатта 3,12 % көрсетеді. Ұзақ мерзімді пайдаланылған бұл топырақтарда гумин қышқылдары фракциясы басым (Сапаров, 2006: 244).

Зерттелген нысандағы гумустың мөлшерінің аз болуы, бұл жерде бұған дейін суармалы егістің болуымен және топырақтағы органикалық заттардың минерализациясының белсенді жүруімен түсіндіріледі.

Ақдала алқабы топырағының гумусының құрамындағы гумин және фульво қышқылдарында, балшықты минералдар мен шала тотықпен байланысты 3-ші фракциясы басым болып келеді. Бұл фракцияның басым болуы топырақтан сіңірілген кальций катионын ығыстыру арқылы гумин қышқылын ыдырату процесі кезінде гумус құрамындағы заттардың төмендеуінен деп есептейміз (Ибраева, 2002: 176).

**Қоректік элементтер. Азот.** Жалпы азот топырақ құрамында 0-30 см тереңдікте 0,028-0,037 пайыз мөлшерінде кездеседі. Топырақ кескініндегі барлық қазбаларда 30-50 см тереңдікте жалпы азоттың мөлшері 0,009-0,019% кемиді (4-кесте). Жалпы топырақтағы азоттың мөлшері оның органикалық заттарының деңгейіне байланысты болады.

